

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Аягөз қаласының "Гвардейская" көшесін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы № 868 қаулысы, Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық мәслихатының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы N 43/317-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 ақпанда № 4386 болып тіркелді

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасын, 31-бабының 2-тармағын, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12-бабының 5-1) тармағын, Шығыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2015 жылғы 6 қазандағы қорытындысына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Аягөз ауданының мәслихаты

ШЕШТІ және Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы Аягөз қаласының "Гвардейская" көшесі - "Танатар Меерманов" көшесі деп қайта аталсын.

2. Осы бірлескен шешім мен қаулы оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Ж.Дюсембаев Аудан әкімі

Б.Байахметов

Т.Бозтаев